Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

**2021-2022 оқу жылының 1-жартыжылдығы**

## Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату бойынша атқарылған жұмыс есебі

Қыркүйек айында озық педагогикалық іс-тәжірибесін жалпылайтын мұғалімдердің тізімін құрастырылды және бекітілді. Барлығы 8 педагог: «Педагог-шебер» санатындағы химия пәнінің мұғалімі Искакова Д.М., «Педагог-зерттеуші» санатындағы мұғалімдер Ахат А.Д., Даулеткалиева Т.Б., Әдей Ж., Алпыспаева С.А., Шалабаева А.Б., Куспекова К.М., Мажепова А.А. Қараша айында бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З. озық тәжірибе тарату бойынша «Мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін сипаттау, құжаттарын рәсімдеу» тақырыбында әдістемелік семинар өткізді. Семинарға қатысқан педагогтар өз педагогикалық тәжірибесін жинақтау және жалпылау әдістемесімен, ұсынатын құжаттардың мазмұнымен танысты.

«Шабыт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде дене шынықтыру пәні мұғалімі Шайхан А. «Ұлттық ойындардың іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу», АӘТД пәні мұғалімі Шокаев А.Е. «Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстың мүмкіндіктері» тақырыптарында шебер-сыныптар өткізді. Сабақтарға мектеп әкімшілігі, тәжірибелі ұстаздар және жас мамандар қатысты. Сабақтарға қатысу барысында сабақтың оқу мақсаттарына сәйкес келуіне, мұғалімнің қалыптастырушы бағалау өткізуіне,кері байланысты жүргізуіне,сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігіне, белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдануына назар аударылды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі К.Б. Жетписбаева «Л.Н. Толстой «Кавказкий пленник» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта әр түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді, АКТ қолданып, мақсатына сай өткізді. Биология пәні мұғалімі Маженова А.А. 7б –сыныбында «Жапырақтың құрылысы және қызметі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Топтық жұмыс әдісі арқылы жаңа тақырыпты бекітті, кері байланыс арқылы сабақты талдады, формативті бағалау және рефлексия өткізді. Оқушылары практикалық жұмыстарды орындады. Сабаққа әкімшілік және жас мамандар қатысты. «Шабыт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде математика пәні мұғалімі Шалабаева А.Б. «Арифметикалық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласы» тақырыбында шебер-сынып өткізді.

  











Дайындаған: **Кусаинова С.З.-бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары**